N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 6, Number 298 (2014), 194 – 199

DESCRIPTION OF ECOCATASTROPHE IS IN WORKS OF FICTION (There is "Block" on the novel of Chingiz Aitmatov)

A. Shamakhova

Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Key words: fiction, man, soul, works, natural phenomena, life.

Abstract. Fiction is a mirror of the soul of man. The varieties of literary genres (epos, lyric poetry, drama) in works of fiction are directly described people being in the process of interrelation with other representatives of environment, realities of conformities to law of true of life are represented.

Fiction is basis of folk wisdom, reflected in literary works, in that the problems of common to all mankind ecological crises, ecocatastrophes stand sharply.

ӘОЖ 573.71.5

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСІРЕТ СУРЕТТЕРІ (Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романы бойынша)

А. Шамахова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: көркем әдебиет, адам, жан, жанр, туындылар, жаратылыс құбылыс, өмір.

Аннотация. Көркем әдебиет – адам жан ділінің айнасы. Әдебиет тектері (эпос, лирика, драма) жанрларының көркем туындыларында жаратылыс құбылыстарының ортасында жүрген саналы ақыл-ой иелері адамдардың өздерін қоршаған табиғат мүшелерімен қарым-қатынастары өмір шындығы заңдылықтары аясында бейнеленеді.

Көркем әдебиет халықтың даналық тұжырымдары мен көркем әдебиет шығармаларына арқау болып келе жатқан жалпыадамзаттық экологиялық дағдарыс, экологиялық қасірет мәселелері әдеби үдерістегі туындыларда жалғасын таба береді.

Көркем әдебиет – адам жан ділінің айнасы. Әдебиет тектері (эпос, лирика, драма) жанрларының көркем туындыларында жаратылыс құбылыстарының ортасында жүрген саналы ақыл-ой иелері адамдардың өздерін қоршаған табиғат мүшелерімен қарым-қатынастары өмір шындығы заңдылықтары аясында бейнеленеді. Өмір шындығының қозғалыстары, құбылыстары – үндестіктер, үйлесімдер және қайшылықтар, қақтығыстар жүйесінің кешенді жиынтығы. Сан алуан құбылыстардың, қозғалыстардың үйлесімдері мен қайшылықтары тұтасқан тіршілік әлеміндегі ақыл-ой иелері адамдардың табиғат әлеміндегі басым күшке, ықпалды қызмет атқаруға қабілетті екендігі ақиқат. Материалдық және рухани мәдениет салаларындағы игілік болып саналатын жетістіктерді жүзеге асыру үшін адамдар ормандардың ағаштарын кеседі, өзендердің суларын, егістіктерді, бау-бақшаларды суару үшін каналдармен, арықтармен ағызады. Мол өнім алу үшін тыңайтқыш аталатын дәрілерді топыраққа араластырады. Адамдардың ішуі мен тамақтануы үшін

тыныш жатқан даланы, кеңістікті аршиды, тазалайды. Осылайша жаратылыстың өзіндік тепе-теңдіктегі, үйлесімдегі қалпына түзетулер жасайды. Жаратушы Алланың ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі заттардың, құбылыстардың өзара үндескен, сабақтасқан болмысына адамдардың осылайша жасайтын әрекеттерінің шектен тыс болып кетуінің салдарынан қазіргі заманғы ғылым тіліндегі **экология** атты мәселенің өзектілігі күн тәртібіне қойылып отыр.

Көркем шығармалардағы адамды табиғаттың ең жетілген ақыл-ой иесі тұлғасы қалпында ала отырып, жаратылыс құбылыстары ортасындағы іс-әрекеттер ықпалдастығы аясында бейнеленуінде қазіргі заманғы экологиялық ғылыми мәселелерді негізге алуымыз керек. Қазіргі энциклопедиялық анықтамалық (Қ. Көшкінбаевтың мақаласы) бойынша: «Экология (грек *oikos* – үй, баспана; (*ogos* – ілім) – жеке организмнің қоршаған ортамен қарым-қатынасын, ортаға бейімделу заңдылықтарын, сондай-ақ организм деңгейінен жоғарырақ тұрған биологиялық жүйелердің популяциялардың, организмдер қауымдастықтарының, экожүйелердің, биосфераның ұйымдастырылу және қызмет атқару заңдылықтарын зерттейтін ғылым. ... Экология – организмдердің бір-бірімен және қоршаған табиғи ортамен әсерлесу заңдылықтарын зерттейтін іргелі табиғаттану ғылымы деп анықтама беруге болады. Жедел дамып келе жатқан және шекарасы көмескі экология салаларының қатарында **адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын** зерттейтін **әлеуметтік экологияны** атап өткен жөн: 1) ең жалпылама түрде – қоғамның географиялық әлеуметтік және мәдени ортамен, яғни адамды қоршаған ортамен ара салмағын зерттейтін ғылыми пән; 2) адамзат қоғамының табиғи ортамен әсерлесуін және өзара байланыстылығын зерттеу арқылы табиғатты ұтымды пайдаланудың ғылыми негіздерін жасайтын, сол арқылы табиғатты сақтап, адамның тіршілік ету ортасын оңтайландыруды көздейтін ғылыми пән; 3) жекелеген әлеуметтік топтардың табиғатпен қарым-қатынасын қарастыратын адам экологиясының бір бөлігі; 4) адамдардың іс-әрекеттерін және сол іс-әрекеттерді өзге адамдардың түсінуін, жеке тұлға немесе ұжым ретінде әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан баға беруін зерттеу. Зертеу нысаны ортақ болуына байланысты әлеуметтік экология **адам экологиясымен** ұштасады» [1, 18-б.].

Әлеуметтік экологияның аясында көркем шығармалардағы адамдардың қоршаған жаратылыс ортасымен қарым-қатынастарының тарихи-поэтикалық суреттелуін, бейнеленуін ұғынамыз. Табиғаттағы аңдардың, құстардың, жәндіктердің, т.б. – бәрінің де (Жаратушы Алланың құдіретімен берілген) тіршілік заңдылығы бар. Табиғаттағы тіршілік иелерінің өзара әрекеттесулері де, байланыстары да үйлесіммен, өлшеммен жүйеленген, қалыптасқан. Адамдарды, суды, өсімдікті, ағашты, жерді, төрт түлікті, аңды, құсты пайдаланудағы өлшемді заңдылығы да тіршілік үйлесіміне негізделген. Ал, аңдардың, құстардың бірін-бірі жеуі, өсімдіктермен, егін, бақша өнімдерімен қоректенуі де табиғаттың өзін-өзі қамтамасыз ететін жүйесі болып танылады. Ал, адам ықпалымен жасалатын табиғаттағы тепе-теңдіктердің бұзылуы – экологиялық дағдарыстарға ұшырататын қазіргі заманғы бүкіләлемдік өзекті мәселе.

Көркем әдебиет шығармаларындағы экологиялық дағдарыстар қазіргі ғылыми бағалаулармен нақты көрсетілуде: «Олар: «Әлемдік мұхиттың мұнай қабыршағымен ластануы, мұның өзі гидросфера мен атмосфера арасындағы энергия алмасу мен масса алмасуды бұзады; жануарлар дүниесі мен өсімдіктер дүниесінің түрлік құрамының және олардың зәузаттық қорының қысқаруы; Жер бетіндегі тіршілікті қатал ультракүлгін сәулесінен қорғайтын розон қабатының қысқаруы; оттектің басты фабрикасын орманды шабу, кесу (дамушы тропикалық елдерде) салдарынан да, қышқыл қалдықтарынан зақымдануы салдарынан да оның азып-тозуы .Кейбір аймақтарда **экологиялық дағдарыс экологиялық қасірет** деңгейіне жетті. (Арал өңірі, Семей полигоны аймағы, Чернобыль, Гималай аймағы, Амозония, көптеген индустриялық агломерациялар)» [1, 20-б.].

Қырғыз классикалық әдебиетінің ХХ ғасырдағы көрнекті жазушысы “Адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс Төрекұлұлы Айтматовтың «Жан пида» романы – сөз арқауындағы экологиялық дағдарыстардан туындаған экологиялық қасірет лирикалық, психологиялық, философиялық толғаныстар тұтастығымен жазылған эпикалық туынды. Романтикалық және реалистік көркемдік тәсілдер егізделе байқалатын күрделі прозалық туындыдан ежелгі замандардан қазіргі дәуірімізге дейін ұласқан табиғат аясындағы тіршілік иелері іс-әрекеттерінің тұтасқан болмысы бейнеленген. Тіршілік қозғалысындағы үндестіктер мен қақтығыстардың егізделе өрілген болмысынан философияның мәңгілік қағидасы қарама-қайшылықтардың күресі мен бірлігі жүйесіндегі жаратылыс әлемінің уақыт пен кеңістіктегі тынысын сезінеміз.

Экологиялық дағдарыстарға ұшырататын іс-әрекеттер ғасырлар бойы саналы ақыл-ой иелері адамдардың ықпалымен жасалып келе жатқаны мәлім. Әлем әдебиетіндегі лирикалық өлеңдерде, лиро-эпикалық балладаларда, эпикалық (поэма, повесть, роман), драматургиялық туындыларда сөз арқауындағы экологиялық қасірет көріністері тарихи поэтикалық тәсілдермен, бейнелеулермен суреттеліп келеді.

Қазақ поэзиясының классикалық шығармаларында (С. Сейфуллин «Ақсақ киік» (баллада); «Аққудың айрылысуы» (поэма); Ә. Нұрпейісов «Соңғы парыз» (роман); М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» (поэма); С. Жұбатырұлы «Абыржы» (роман-трилогия), т.б. [2–5] табиғат ортасының, ондағы аңдардың экологиялық дағдарыс жағдайындағы трагедиялық хал-ахуалы тарихи-поэтикалық, лирикалық, эпикалық бейнелеулермен өрнектелгенін оқимыз.

Қырғыз халқының XX ғасырдағы классик жазушысы Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматовтың «Жан пида» романындағы сюжеттік байланыс, сюжеттік даму желісінде Мойынқұм өңіріндегі киіктерді, ақбөкендерді вертолетпен қыруды, сол арқылы «айқындаушы жылдың ақырғы тоқсанында облыстың ет тапсырушы жоспарын» [2, 25-б.] асыра орындауды мұрат тұтқан адамдар пиғылының жаратылысқа, табиғатқа өктемдік жасағысы келген астамшыл өзімшілдігін, тоңмойындықты, топастықты аңғарамыз. Суреткер жазушы адамдардың табиғаттағы тіршілік иелеріне жасаған озбырлық-қатыгездік іс-әрекеттерінің сойқанды-трагедиялық суретін көз алдымызға айқын суреттеп көрсеткен: «Сөйтіп тұрғанда, аспан қақ айрылып, күн күркірегендей болды да, әлгі вертолеттер тағы көрінді. Бұл жолы олар шапшаң ұшып, құлап түсердей жер бауырлап, жаналғыш жаламуыздай сұмдықтан үрейлене үркіп, жанталаса қашқан киіктердің үстінен жай ұшты. Вертолеттердің төтеннен кенет келе қалғаны сонша, жануарлардың есі шығып, басшысынан айрылып, сеңдей соғылысып, тым-тырақай быт-шыты шықты. Дәрменсіз сорлылар ұшып жүрген темір тажалға не қауқар көрсетпек?! Вертолеттерге ақбөкендердің осылайша аласапыран сүргін болғаны керек-ақ екен, қашқан киіктерді басып озып, қайыра соғып, бір табынды бір табынмен қақтығыстырып, қып-қызыл қырғын ақырзаман орнады да қалды. Мың-мың табын бір-біріне қақтығысып, өмірі көріп-білмеген сүргін-сойқанға ұшырады» [2, 26-б.]

«Ақбөкен, киік (Saigatatarica) – жұп тұяқтылар отрядының бөкендер туысына жататын, тұлғасы ірі, қойға ұқсас, дөңес тұмсықты, күйіс қайыратын түз жануары.

Ақбөкендердің қазба қалдықтары плейстоцен қабатынан Батыс Англиядан Шығыс Аляскаға дейінгі аралықта табылған. Ақбөкендер Моңғолияда, Қалмақ даласы мен Қазақстанда ғана сақталған. Ақбөкендердің бір-бірінен жеке дара бөлінген Бетбақдала –Арыс, Үстірт және Еділ-Жайық деген топтары мекендейді

...Ақбөкендер қыстың суық, қарлы болатындығын, көктемнің кеш шығатындығын алдын-ала болжай алады.

...Жаппай төлдеуі мамырдың бірінші жартысында өтеді. Бұл кезде күн салқындап, жауын-шашын көп болады да, оны қазақ халқы «Құралайдың салқыны» деп атайды. Көбіне егіздеп, кейде 3 лақ туады. Оның лағын құралай деп атайды» [7, 176-б.].

Энциклопедиялық анықтамалықтардағы деректер – ақбөкендер мен киіктердің биологиялық-зоологиялық тектестігін дәйектейді:

«Киік, антилопа – жұп тұяқты қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын жануарлардың жиынтық атауы. Ғылыми жіктелімде киік туысына тек гарна; қортық киіктер туысына қортық киік; бұранда мүйізді киіктерге үлкен куду, канна, нильгау, төрт мүйізді киік; сиыр киіктер тұқымдасына бубал (коалмаз, гну; қанжар мүйізді киіктерге ақ орикс, орикс-бейза, аддакс,т.б. жатады. ... «Киіктің киесі бар», «Киіктің матауы», т.б. ұғымдар халық арасына кеңінен таралған. Бұл наным-ұғымдардың көпшілігі тікелей ақбөкенге байланысты айтылған, өйткені киік деп халық көбінесе, ақбөкен мен қара құйрықты айтады» (Р. Сәтімбекұлы мақаласы) [8, 584-б.].

Суреткер жазушы, жалпыадамзаттың өркениет биіктігі деңгейіндегі қайраткер қаламгер Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романының идеялық-композициялық желісіндегі осы экологиялық қасіреттің нақты көрінісі болып суреттелген ақбөкен-киік қырғынынан адамдар іс-әрекеттерінің тұрмыстық-күнкөрістік психологияға құл болған пенделік күйкілік шынжырына бұғауланған мүшкіл хал-ахуалын сезінеміз. Әрине, ақбөкен-киік – адамдардың ғасырлар бойы аңшылық кәсібінің нысанындағы жануар. Бірақ, әлем халықтарының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері бойынша адамдардың аңшылық кәсібі: «Аңшы – аң аулауды кәсіп еткен адам. Оны құсбегі, бапкер

деп те атайды. ... Кейде аңға көңіл көтеру үшін де шығады. Ит жүгіртіп, құс салу серілік салтанат деп саналған. Қазақ ішіндегі аңшылар қолданған құралы, істеген амалына қарай былайша жіктеледі:

1) Саятшы – аңға қансонарда шығады. Қыран бүркіт, ұшқыр тазы, түзу мылтық пайдаланады. Бұзау тіс қамшы, сойыл да ұстайды; 2) Мерген – садақпен, мылтықпен аң атады. Ақ, қасқыр, бұғы, марал, арқар, елік, таутеке, қарақұйрық, т.б. аң алады; 3) Қақпаншы – аңды қақпанмен аулайды. Түлкі, қасқыр, суыр секілді аңдардың ініне, жүретін жолына қақпан құрады; 4) Моршы – түлкі, күзен секілді аңдардың ініне түтін салып, іннен шыға қашқанда ұстайды (А. Жүнісов мақаласы)» [7, 387-б.].

«Жан пида» романындағы вертолетпен мыңдаған ақбөкендерді-киіктерді топтап қыру – ата-бабалар қалыптастырған дәстүрлі аңшылық ұғымына мүлдем сәйкес емес. Бұл – Жаратушы Алланың адам мен жануарлар арасындағы үйлесімге негізделген аңшылық дәстүрді жоққа шығарудың тұрпайы түрі. Бұл – экологиялық дағдарыстың, экологиялық қасіреттің нақты көрсеткіші.

«Жан пида» романындағы сюжеттік бөліктегі киіктерді вертолетпен қыру сәтінің суреті – ғасырлар бойы табиғатттағы тепе-теңдіктерді, үйлесімдерді пенделік өктемдікпен, өзімшілдікпен бұзып, талқандап, пайдакүнемдік – асыра сілтеушілікпен пайдаланулдың көрінісі. Бұл – табиғаттағы үйлесімділік ұғымына сыймайтын әлімжеттік-тоңмойындық, жендеттік пиғылдың бейқам, бейкүнә тіршілік иелеріне жасайтын озбырлығының трагедиялық суреті:

«Түмен киік тасқыны бір уақытта кең жазыққа келіп құлады. Дәл осы алқапта күні бұрын дайындалып, қаруларын кезеніп аңшылар, жоқ, аңшылар емес атқыштар жаланып тұрған. Мына вертолеттер киіктерді қақпайлап, осы апанға әкеп тықты ғой. Үсті ашық «вездеход» машиналарға мінген атқыштар автоматтарын кезеніп, қалың киікке көздеместен, кәдімгі пішен орғандай, оқ бүркіп, орып-орып жібергені-ай! Олардың соңынан жүк машиналары ағылып, адамдар баудай түскен киіктерді жиып алып, қорапқа лақтырып жатыр. Судай тегін, қып-қызыл олжа! Мауыздай-мауыздай жігіттер бұл кәсіпке тез төселіп, әлі жаны шықпаған киіктерді пышақ сұғып өлтіріп, әлі жығыла қоймай, ілбіп қашқандарын қуып жетіп, қанжармен қарш еткізіп қалады. Дегенмен, бұл мауыздаудың басты міндеті – өлген киіктерді біреуі алдыңғы, біреуі артқы аяқтарынан алып, ары-бері ырғап-ырғап, машинаның үстіне лақтырып кеп тастау! Сахара сөйтіп сахара болып әлі күнге бүлінбей қалғандығы үшін «адам – құдайларға» ағылған қаннан құн төледі. Машиналардың үстіне тау-тау болып киіктер үйіліп жатты.

Қанды қырғын толастамады. Әбден әлсіреп сарсаң болған киіктердің қақ ортасына кимелей кіріп кеткен машиналардағы атқыштар оңды-солды аяусыз жапырып-ақ жатыр» [2, 28-б.]. Бұл – көркем шығарманың идеялық-композициялық желілеріндегі ақбөкендер – киіктер тағдырының экологиялық қасірет-трагедиясының реалистік суреті.

Романның тұтас құрылысында табиғаттағы адам мен аңдар тағдырларына ортақ экологиялық дағдарыс, экологиялық қасірет мәселелерінің сыншыл реализм тәсілімен бейнеленгенін ұғынамыз. Адамзат өркениеті кеңістігіндегі түркі халықтарының табиғаттағы құбылыстардың төрт түліктің, аңдардың, құстардың, жәндіктердің, судың, жұлдыздардың, Айдың, Күннің, т.б. – бәрінің де киесін құрметтеп келе жатқаны – тарихи ақиқат. Жаратушының құдіретімен ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі барлық жанды, жансыз, деректі, дерексіз дүниелердің, құбылыстардың, т.б. – бәрінің пайдаланылуындағы белгілі бір өлшемге, мөлшерге, ақыл-ой сарабына салынатыны кейінгі ғасырлар адамдарының назарынан тыс қала бастағаны – ақын-жазушылардың көркем туындыларында сыншыл реализм тәсілімен суреттелуде.

Қазақ әдебиетінің классигі Сәкен Сейфуллиннің «Ақсақ киік» атты балладасындағы азаматтық сыншылдық бағалаулар да Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романындағы экологиялық қасірет идеясымен үндес:

...Мергендер дамыл алмай киікті атқан,
Ауылды қан сасытып топырлатқан.
Киікті ойлай ма екен «Таусылар!» деп,
Азайып бірте-бірте келе жатқан!..

Бетпақтың көкпек, жусан шөбі сұйық,
Сол шөпті қорек қылған байғұс киік.

Таңы –аппақ, екі көзі мөлдір қара,
Тигендей емес адам көзі қиып.

Киікті қазақ және дейді бөкен,
Бетпақты бұл бейшара қылған мекен.
Бөкенді атып мерген өлтіргенде,
Жазасыз жан өлді деп ойлай ма екен?

Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім,
Өзге аңға жануарды тең көрмедім.
Көздері мөлдіреген ақ бөкенді,
Адамның баласынан кем көрмедім.

...Азайды соңғы кезде байғұс бөкен,
Мың-мыңнан баяғыда өреді екен.
Бұл күнде келе жатқан жолаушыға,
Кез келеді анда-санда саяқ-некен [3, 128-129-бб.]

Осы арада жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» романындағы осы бөкендер-киіктер қырғынын әлі де үш-төрт күнге сөзқылатыны, Мойынқұмның күнбатысындағы ең еспе құмды аймақтағы мол санды киіктердің «ресми тілде ашылмай жатқан резерв» «сол резервтерді өлкенің мүддесі үшін тезірек жоспар айналымына енгізу қажеттігі» екендігін баяндай келе, тарихи шындықтың көркем шындықпен мәңгілік бағаланатын тұжырымын айтқанын назарға аламыз:

«Мойынқұм «жорығын» ресми түрде негіздеудің сықпыты осындай еді. Ал, әрбір ресми шешімнің ар жағында тарихтың бағдарын айқындайтын әрқилы жағдайдың себеп-салдары тұратыны бесенеден бегілі. Себеп-салдар жағдаяты дегенміз – әрине, адамдардың қилы-қилы іс-әрекеті, ізгілікке де, зұлымдыққа да толы тіршілігі, олардың кісі болжап болмас аласұруы, адасуы шығар. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Мойынқұм қасіреті жеке-дара қылмыс емес» [2, 30-б.].

Жазушы романында Мойынқұм өңіріндегі ақбөкен-киік қырғыны арқылы қоғамдық-әлеуметтік мемлекеттік жүйелерді экономикалық мүдделерімен сабақтастырған. Табиғат ресурстарын пайдалануда адамдардың мансаптарын сақтау үшін мемлекеттік жоспарды орындауды ғана ойлап, қоршаған табиғат ортасын талан-таражға, ысырапқа ұшыратуының салдарынан көлдердің, өзендердің тартылуы, жердің эррозиялануы ғарышты, атомды игерудегі жауапсыздықтар оқиғалары жиілеп, адамзат ұрпақтарына, жалпы Жер планетасында экологиялық апат қаупі төнгені туралы озық ой иелері үздіксіз айтумен келеді. Қазіргі заманғы ақпарат жүйесіндегі жарияланымдар [9] да әлемге ортақ экологиялық жүйедегі осы ақбөкен киік мәселесіне де маңызды мәселе ретінде қарауда.

Сирек жануарлардың сатылуын реттейтін халықаралық келісім-шартқа (CNTEC) қатысушы елдер (Қазақстан 2000 жылдан бастап мүше) 1995 жылы киікті де қосымшаға енгізді. 2001 жылы Ресей мен Қазақстан киіктердің мүйізін экспорттауға тыйым салуды ұсынды. Халықтардың табиғат қорғау одағы 1996 жылы бұл түрді «Сирек кездесетін және құрып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер тізімін» енгізсе, 2004 жылы жердегі биологиялық саналуандықты сақтап қалудың мәселесі ішіндегілердің ең маңыздысы осы «киік мәселесі» деп жариялады» [9, 5-б.].

Қорыта айтқанда, халықтың даналық тұжырымдары мен көркем әдебиет шығармаларына арқау болып келе жатқан жалпыадамзаттық экологиялық дағдарыс, экологиялық қасірет мәселелері әдеби үдерістегі туындыларда жалғасын таба береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/ Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 10-том: Э-я. – 704 б.

[2] Айтматов Ш.Т. Жан пида: Роман. – Алматы: Атамұра, 2005. – 320 б.

[3] Сейфуллин С.С. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т. I: Өлеңдер мен поэмалар. – 1986. – 344 б.

[4] Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Роман. – Алматы: Жазушы, 1990. – 460 б.

[5] Мақатаев М. Аманат: Жыр жинағы. – Алматы: Атамұра, 2002. – 304 б.

[6] Жұбатырұлы С. Абыржы. Роман-трилогия. – Алматы.

[7] Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998. – I том: Э-я. – 720 б.

[8] Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. – 4-том: Э-я. – 720 б.

[9] Жұбаныш М. Кең даланың киесі атанған киіктер сақтауға да үлес қосады // Егемен Қазақстан» газеті. 2014 жыл, 7 маусым, сенбі. – № 111(28335). – 5-бет.

REFERENCES

[1] Qazaqstan. Ultti'q e'nci"klopedi"ya. Bas red. B. Ayaghan. Almati': «Qazaq e'nci"klopedi"yasi'ni'ng» Bas redakci"yasi', 2007. 10-tom: E'-ya. 704 b.

[2] Aytmatov Sh.T. Jan pi"da: Roman. Almati': Atamura, 2005. 320 b.

[3] Seyfwlli"n S.S. Bes tomdi'q shi'gharmalar ji"naghi'. Almati': Jazwshi', 1986. T. I: O'lengder men poe'malar. 1986. 344 b.

[4] Nurpeyisov A'. Songghi' pari'z. Roman. Almati': Jazwshi', 1990. 460 b.

[5] Maqataev M. Amanat: Ji'r ji"naghi'. Almati': Atamura, 2002. 304 b.

[6] Jubati'ruli' S. Abi'rji'. Roman-tri"logi"ya. Almati'.

[7] Qazaqstan. Ultti'q e'nci"klopedi"ya. Almati': «Qazaq e'nci"klopedi"yasi'ni'ng» Bas redakci"yasi', 1998. I tom: E'-ya. 720 b.

[8] Qazaqstan. Ultti'q e'nci"klopedi"ya. Bas red. B. Ayaghan. Almati': «Qazaq e'nci"klopedi"yasi'ni'ng» Bas redakci"yasi', 2002. 4-tom: E'-ya. 720 b.

[9] Jubani'sh M. Keng dalani'ng ki"esi atanghan ki"ikter saqtawgha da u'les qosadi'. Egemen Qazaqstan» gazeti. 2014 ji'l, 7 mawsi'm, senbi. № 111(28335). 5-bet.

ОПИСАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КАТАСТРОФЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ (По роману Чингиза Айтматова «Плаха»)

А. Шамахова

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: художественная литература, человек, душа, произведения, природные явления, жизнь.

Аннотация. Художественная литература – зеркало души человека. Разновидности литературных жанров (эпос, лирика, драма) в произведениях художественной литературы непосредственно описываются люди, находящиеся в процессе взаимоотношения с другими представителями окружающей среды, изображаются реалии закономерностей правды жизни.

Художественная литература – основа народной мудрости, отражающиеся в литературных произведениях, в которых остро стоят проблемы общечеловеческих экологических кризисов, экологических катастроф.

Поступила 12.11.2014г.